

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетінің тарихы 1957 жылдан басталады, КСРО жоғары білім министрлігінің осы жылғы бұйрығымен 1 қыркүйекте батыс және солтүстік-батыс Қазақстан аймағын жоғары білікті дәрігер мамандармен қамту үшін Ақтөбе мемлекеттік медицина институты ашылды. Алғашында тек қана «Емдеу ісі» мамандығы бойынша оқыту жүргізілді.

Алғашқы оқытушылар Мәскеу, Ленинград, Одесса, Қазан, Алматы, Киев, Новосібір және т.б. КСРО жетекші медициналық институттарынан жіберілді. Олардың қатарында медицина ғылымдарының кандидаты дәрежесі бар - А.П. Сорокин, С.Н. Гордина, К.В. Мельникова, В.В. Морозова, Г.Я. Красношлыков, А.М. Мамырбаев, Х.Е. Маманова, И.А. Будчанов, В.А. Яглинский, А.В. Мысляева, Ж.М. Сиджанов, В.А. Пищик және т.б. болды.

Білім берудің қысқа мерзімді үдерісі ұйымдастырылды, алғашқы талапкерлер қабылданып, Ақтөбе топырағында жаңа оқу орнының іргетасы қаланды. 1957 жылы қазан айында жеті кафедра ашылды.

1963 жылы Ақтөбе мемлекеттік медицина университетін емдеу ісі мамандығы бойынша 157 дәрігер бітіріп шықты

Алғашқы түлектердің 7-уі үздік дипломмен аяқтады, олар:

- **Есенкөз Сағынайұлы Мамбеталин**-Медицина ғылымдарының докторы, ҚР урологтар ассоциация президенті, Б.У.Жарбусынов атындағы урологиялық ғылыми орталықтың директоры орынбасары;
- **Виктор Михайлович Бондаренко**-медицина ғылымдарының докторы, Мәскеу және Нью-Йорк академиясының академигі, Гамалей атындағы институттың профессоры;
- **М.Ш. Ахметов**-медицина ғылымдарының докторы, Ресейдегі онкологиялық орталықтың профессоры.
- **А.Х. Хамзин**-медицина ғылымдарының докторы, профессор, ҚР-ның онкологиялық аурулардың ғылыми зерттеу орталығының лаборатория жетекшісі және т.б.

- * **Кузденбаева Раиса**
Салмағанбетқызы-1942жылы
Ақтөбе қаласында дүниеге
келген.
- * 1965 жылы Ақтөбе мемлекеттік
медициналық институтының
емдеу ісі факультетін бітірген.
- * Профессор, академия
ғылымдарының академигі,
Қазақстан Республикасының
фармакалогиялық комитетінің
мүшесі.
- * 2005жылдан бері ҚР-ның дәрілік
заттарды зерттеу орталығының
директоры.



- * **Ақшулаков Серік Қуандықұлы**
-1952 жылы Ақтөбе облысы, Шалқар ауданында дүниеге келген.
- * 1975 жылы Ақтөбе мемлекеттік медициналық институтын бітірген.
- * Медицина ғылымдарының докторы, профессор.
- * 1998 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері»
- * 2005 жылы Дүниежүзілік дәрігерлер ассоциациясының ұсынуымен «Әлемнің қамқор дәрігері» атағына ие болды.
- * 2008 жылы «Алтын адам» премиясының лауреаты
- * 2012 жылы «Алтын эндоскоп» премиясының лауреаты



- * Арзыкулов Жеткерген Анесұлы- 1957 жылы Қызылордас облысы, Арал ауданында дүниеге келген.
- * 1980 жылы Ақтөбе мемлекеттік медициналық институтының емдеу ісі факультетін тәмәмдаған.
- * 1990 жылы медицина ғылымдарының кандидаты
- * 1997 жылы медицина ғылымдарының докторы атағы берілді
- * 2001 жылы профессор
- * 2005 жылы Ресейдегі медицина ғылымдарының академигі
- * 2001 жылдан бері Қазақстандағы онкология және радиология ғылыми зерттеу орталығының директоры қызметін атқарады.



- * **Изимбергенов Намаз**
Изимбергенович-1934 жылы
Маңғыстау облысында дүниеге
келген.
- * 1964жылы Ақтөбе мемлекеттік
медицина институтының түлегі.
- * Медицина ғылымдарының
докторы, профессор, академик.
- * «Золотой скальпель»
Халықаралық премияның иегері



- * Котловский Владимир Игоревич- 1955 жылы Кинешма қаласында дүниеге келген
- * 1985 жылы Ақтөбе мемлекеттік медицина институтының педиатрия факультетін үздік дипломмен аяқтады.
- * Медицина ғылымының докторы
- * 1991 жылы Қазақстанда балалар дәрігерлері ішінде ең алғаш болып эндовидеохирургиялық операция жасады
- * 1992 жылы лапароскопиялық хирургия бөлімшесін ашты
- * Оның басқаруымен 8 кандидаттық және 1 докторлық жұмыс жүргізілді. 14 жаңалық және 300ден аса отандық және шетелдік баспаларда мақаласы жарық көрді
- * 2011 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді
- * 2015 жылы Қазақстанның эндоскопиялық хирургтарының ассоциациясының президенті атанды.



- * Дженалаев Болат Канапьянович- 1934 жылы Орал қаласында дүниеге келді
- * 1971 жылы Ақтөбе мемлекеттік медицина институтының емдеу ісі факультетін бітірген.
- * 1998 жылы медицина ғылымының докторы атағына ие болды.
- * 2002 жылы профессор лауазымы атанды.
- * Н.И.Пирогов атындағы «Мейірімділік» медальмен марапатталды
- * 2015 жылы «Жыл таңдауы» Республикалық фестивальнің лауреаты
- * 2015 жылы «Үздік дәрігер» номинациясы бойынша «Алтын адам» премиясының иегері.



- * **Досқалиев Жақсылық** Акмурзаұлы-1955 жылы Ақтөбе облысы, Алға ауданында дүниеге келген.
- * 1979 жылы Ақтөбе мемлекеттік медицина институтының емдеу ісі факультетін бітірген.
- * 1998-2000ж.ж-Ақтөбе медициналық академиясының ректоры қызметін атқарды
- * 2001-2004ж.ж- ҚР денсаулық сақтау министрі қызметін атқарды.
- * 2004 жылы-Құрмет орденімен марапатталды
- * Ломоносов атындағы орден, «Гиппократ» ордендерімен марапатталды
- * 2016 жылы «Халық қалаулысы» премиясында «Жыл дәрігері» номинациясының лауреаты.



- * Үмбетов Тұрақбай
Жетенұлы-1938 жылы Ақтөбе облысында дүниеге келген
- * 1966 жылы Ақтөбе мемлекеттік медицина институтының емдеу ісі факультетін бітірген.
- * 1972 жылы- медицина ғылымдарының кандидаты
- * 1989 жылы- медицина ғылымдарының докторы атағына ие болды.
- * 2006 жылы- «Жылдың үздік мұғалімі» және
- * 2007 жылы- « Ғылым дамуына қосқан үлесі» үшін медальдарымен марапатталды.
- * 2009 жылы «Денсаулық сақтау саласына қосқан үлесі» үшін медалдарымен марапатталды .

